

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің "№ 7 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бейімбет Майлиннің есімін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 192 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің "№ 7 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бейімбет Майлиннің есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин